

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
«БӨРТЕ ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»**



**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«БОРТИНСКАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА»
ПРИКАЗ**

БҰЙРЫҚ

030613, Мәртөк ауданы,
Бөрте ауылы
Абай көшесі, 32
тел.: 8(71359)28-0-33

030613, Мартукский район,
село Борте
улица Абай, 32
тел.: 8(71359)28-0-33

12.05.2025 ж.

№ 55

12.05.2025 г.

2024-2025 оқу жылының аяқталуы және білім алушылардың қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы

2007 жылдың 27 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-
бабы,

14-тармақшасына сәйкес, міншік нысаны және ведомстволық бағыныстылығына қ
қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде
аяқтау

мақсатында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2008 жылғы 18 наурыздағы №125, 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 бұйрықтарының
облыстық білім басқармасының 5.05.2022 жылғы №151 және «Ақтөбе облысының
білім

басқарамасы Мәртөк ауданының білім бөлімі»ММ бойынша

2025 жылғы _ мамырдағы № ____бұйрығы негізінде:

БҰЙЫРАМЫН:

1.Бөрте жалпы орта білім беретін мектебінде 2-11 кластарда оқу сабақтары
2025 жылдың мамыр айының 23 күні аяқталсын.

1)Негізгі орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9 класс
оқушыларының қорытынды аттестаттауы 2025 жылдың 29 мамыр мен 10 маусым
күндерінде өткізілсін.

2)Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 11
класс оқушыларының қорытынды аттестаттауы 2025 жылдың 30 мамыр мен 16 маусым
күндерінде өткізілсін.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 кластардың білім алушылары үшін санитарлық талаптары сақтай отырып:

1)математикадан (алгебра)бойынша жазбаша емтихан(бақылау жұмысы)- 29 мамыр.

2)қазақ/орыс тілдерінен(оқыту тілі бойынша) эссе нысанында жазбаша емтихан.

гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін- жазбаша
жұмыс(мақала/эңгіме/эссе)-2маусым ;

3)таңдау пәні(Қазақстан тарихы) бойынша жазбаша емтихан-5 маусым

4)орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша
емтихан(мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде
оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан(мәтінмен
жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)- 10 маусым.

11 кластың білім алушылары үшін санитарлық талаптары сақтай отырып:

1) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан- 30 мамыр;

2)алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан- 4 маусым;

3) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан- 9 маусым;

4) таңдау пәні(география,дүние жүзі тарихыфизика)бойынша жазбаша емтихан-1 маусым.

4) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда казак тілінен және казак тілі және әдебиетінен және казак тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан- 16 маусым;

3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру бөлімдері айқындаған мерзімде өткізілсін.

4. Мектепте «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес 2024-2025 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етілсін.

5. Мектепте 23 мамыр күні соңғы қоңырау салтанатты жиындары, 18-20 маусым күндері жалпы орта білім туралы аттестатын беру салтанатты шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізу, әрі білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету қатаң бақылауға алынсын.

6. Мектепте ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.

8. Оқу ісі орынбасары Алдажаров Х.К. 2025 жылғы 17 мамырына дейін емтихан қабылдайтын комиссияны құрып, құрамын бекітсін.

9. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Вунш Н.М. соңғы қоңырау, мектеп жанындағы жазғы алаң, аттестатарды табыстау рәсімін ұйымдастыру жүктелсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



С.К.Ильясов